

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Математика
Мұғалім	Кавкей Айбарша II санатты мұғалім
Мектеп, сынып	Қарағанды облысы, Октябрь ауданы, <i>Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты</i> , 5В-сынып
Сыныптан тыс жұмыс тақырыбы	Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептер



www.bilimland.kz

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы	5.3А Мәтінді есептер
Сабақтың тақырыбы	Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептер
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.1.2.24 Санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу; 5.5.1.4 Санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға арналған есептерді құрастыру және шығару.
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> ✓ санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу; ✓ санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табу; ✓ санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға арналған есептерді құрастыру және шығару.
Бағалау критерийі	<p><i>Барлығы:</i> санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табады;</p> <p><i>Көпшілігі:</i> санның немесе шаманың бөлігін және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға есептер шығара алады;</p> <p><i>Кейбіреуі:</i> санның немесе шаманың бөлігін және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға арналған есептерді құрастырды және шығарады.</p>
Тілдік мақсаттар	<ul style="list-style-type: none"> ➤ жай бөлшектерді ондық бөлшек түрінде және керісінше жазу алгоритмін түсіндіреді; ➤ белгілі және белгісіз шамаларды сипаттай отырып, мәтінді есептердің шешімін түсіндіреді; ➤ санның бөлшекпен берілген бөлігін табу үшін... керек; ➤ бөлшекпен берілген бөлігі бойынша санды табу үшін... керек; ➤ жүрілген жолды табу үшін... керек; ➤ орындалған жұмысты табу үшін... керек; ➤ тауардың құнын табу үшін... керек.
Құндылықтарға баулу	<ul style="list-style-type: none"> ✚ Зайырлы қоғам және жоғары руханият; ✚ Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсуі.

Пәнаралық байланыс	Қазақ тілімен байланыс: Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табу ережесін дұрыс айта алады. Мәтін есептерді түсіне оқып, шартын дұрыс, сауатты құрады, шыққан есептің жауабын сөйлемдермен сауатты жазып жеткізеді.
Алдыңғы білім	Жай бөлшектер мен аралас сандарды қосу мен азайтуды біледі. Жай бөлшектер мен аралас сандарды көбейту мен бөлуді біледі.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқушылармен амандасу. 2. Сабақтың кезеңдерімен, мақсатымен бағалау критерийлерімен таныстыру. 3. «Жылқыларды бөліп беру» туралы бейнесі көрсетіледі. Мұғалім оқушыларға бағыттаушы «Не білуіміз керек?», «Неге үйренуіміз керек?» деген сұрақтар беру арқылы тақырыптың мақсатын ашуға көмектеседі. 4. Алғашқы білімдерін, үй жұмысын тексеру. Әр оқушы дәптерін көршіге беру арқылы интербелсенді тақтадан дұрыс жауапты қарап есепті тексереді. 	<p>https://bilimland.kz/kk#lesson=11173</p> <p>https://bilimland.kz/kk#lesson=11173</p> <p>https://bilimland.kz/kk#lesson=10585</p>
Сабақтың ортасы	<p>Мұғалім оқушыларға интербелсенді тақтадан</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ санның бөлігін табу; ➤ бөлшектің бөлігін табу; ➤ бөлігі бойынша санды табу тақырыпшаларына бейнетүсіндірмені көрсетеді. Оқушылар дәптерлеріне керек мәліметтерді қысқаша жазып отырады. <p>Жеке жұмыс. Оқушылар әр бейненің астындағы 1-ден 7-ге дейінгі жаттығуларды мұғалімнің бағыттауымен әрқайсысы жеке шығарады. Және де сол мезетте жауабы да экран арқылы тексеріледі.</p> <p>Жұптық жұмыс. Оқушыларға жұппен жұмыс жасауға «Алмалар жайлы есеп» және «Сыныптағы оқушылар саны» жайлы бейнеесептердің сұрақтары ұсынылады. Әр жұп бірін-бірі экран арқылы, яғни бейненің жалғасын тыңдап отырып тексереді. Қателіктер табылса, жұптар кері байланыс жасайды.</p>	<p>https://bilimland.kz/kk#lesson=11173</p> <p>https://bilimland.kz/kk#lesson=11173</p> <p>https://bilimland.kz/kk#lesson=11173</p>

	<p>Топтық жұмыс. Оқушылар топқа бөлінеді. Топтарға 8, 9, 10, 11 жаттығулар беріледі. Жаттығуды қай топ бірінші шығарады сол топтың жауабы бірден сол жаттығудың төменгі жағына жазылып отырады. Жауап бірден тексеріледі, топтардың жетістіктері мен жеңістері атап өтіледі.</p>	<p>https://bilimland.kz/kk#lesson=11173</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Сабақты қортындылау Рефлексия. Өткен сабақты қорытындылау үшін экранда www.itest.kz сайтынан тест орындалады.</p> <p>Сабақ соңындағы оқушылардың рефлексиясы:</p> <ul style="list-style-type: none"> – нені білді, нені үйренді; – не әлі де түсініксіз; – қандай бағытта жұмыс жүргізу қажет. 	<p>https://itest.kz/kz/examtest?test_id=464967287</p> <p>https://itest.kz/kz/examtest?test_id=249642371</p>

<p>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>
<p>Тапсырма орындау кезінде, қиналатын оқушыларға қолдау көрсету. Оқушыларға бірін-бірі оқытуына жағдай жасау арқылы көшбасшылық қабілеттерінің оянуына септігін тигізу. Шығармашылық қабілетін жандандыруға жағдай жасау.</p>	<p>Сабақ барысында мадақтау сөздер айту арқылы бағалау. Оқушылардың жауаптарына, іс-әрекеттеріне бақылау жүргізу. «Бағдаршам», «Мадақтау» әдістері арқылы бірін-бірі бағалау.</p>	<p>Балалар сабақ бойы интерактивті тақтамен жұмыс істейтін болғандықтан, сабақта сергіту жаттығуларын жүргізу, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау.</p>